

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Білім беру және гуманитарлық зерттеулер факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің**

№4 хаттамасы

Түркістан қаласы

16.12.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы, PhD, доцент А.Куралбаева, т.ғ.к., аға оқытушы А.Джумадуллаева, п.ғ.к., аға оқытушы А.Қ.Рысбекова, PhD, аға оқытушы А.Тасова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары PhD, аға оқытушы Н.Тұрсынбаева, ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары декан орынбасары PhD, аға оқытушы Б.Әліпбай, Оқу-әдістемелік Комитет төрағасы PhD, аға оқытушы Г.Абдуллина, Әдіскер: Егенова Райхан, факультеттің сапа төрағасы аға оқытушы С.Паштанов мәжіліс хатшысы А. Жұмабай және факультет оқытушысы-профессорлар құрамы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы
2. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, постаккредитация жұмыстарын ұйымдастыру туралы
3. Оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау
4. ОПҚ-ның әдістемелік семинарлар өткізу барысы
5. Өзара және ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтарда ОПҚ-ның интербелсенді оқыту әдістерімен тәжірибе алмасу барысы
6. ОПҚ-ның оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының орындалу барысы мен сарапшы және рецензенттер бекіту
7. Әр түрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

1. «Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы» мәселесі бойынша факультеттің Оқу-әдістемелік Комитет төрағасы PhD, аға оқытушы Г.Абдуллина сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша күзгі семестрде өтілген ашық сабақтардың орындалу барысы мен оның нәтижелерін айтып өтті.

Г.Абдуллина күн тәртібіндегі бірінші мәселе аясында 2025–2026 оқу жылының күзгі семестрінде өткізілген ашық сабақтар мен өзара сабаққа ену жұмыстарының орындалу барысына және олардың нәтижелеріне жан-жақты тоқталды. Атап айтқанда, ашық сабақтардың бекітілген жоспарға сәйкес уақытында өткізілгені, олардың сапасын арттыру мақсатында заманауи оқыту әдістері мен инновациялық педагогикалық технологиялардың кеңінен қолданылғаны атап өтілді. Атап айтқанда, факультет бойынша 6 ашық сабақ жоспарланып, өткізілді. Жоспар бойынша өтілмеген ашық сабақ болған жоқ.

Жоспарланған ашық сабақтар, ашық сабақтарды бағалау кестесіне сай бағаланып, талдау хаттамалары толтырылған.

Ашық сабақтар өту барысында профессор-оқытушылар жаңа технологияны (Case-study, топтық жұмыс, проблемалық шығарма әдісі, мини зерттеулер әдісі, IT әдісі) пайдаланды. Өткізілген ашық сабақтардың оқыту нәтижелері тақырыпқа сай айқындалған. Оқыту нәтижелеріне білімгерлердің жету деңгейін бағалау мүмкіндігі қарастырылған. Білімгерлердің өздігінен іздену, ойлау қабілеттерін арттыруға бағытталған. Пәнаралық байланыс «Тарих» және «Педагогика және психология» кафедралары бойынша өткен

ашық сабақтарында қамтылған. Кері байланыс барлық ашық сабақтарда тиімді ұйымдастырылған.

Университет деңгейінде озық тәжірибе ретінде таратуға «Тарих» кафедрасының PhD докторы М.Салгараевтың Ежелгі өркениеттер және антикалық әлем пәнінен өткен «Ежелгі грек мифологиясы» тақырыбындағы ашық сабағын, ал факультет деңгейінде «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының доценті А. Жумадуллаеваның «Мектепке дейінгі психология бойынша практикум» пәнінен өткізілген «Мектеп жасына дейінгі балалардың ерік және сезімінің ерекшеліктері» тақырыбындағы ашық сабағын ұсынуға болады.

Сонымен қатар, өзара сабаққа ену нәтижелері бойынша оқытушылар арасында тәжірибе алмасу үдерісінің жандана түскені, сабақтарға жүргізілген мониторинг барысында бірқатар оң нәтижелермен қатар жетілдіруді қажет ететін тұстар анықталғаны айтылды. Атап айтқанда, кейбір сабақтарда білім алушылардың белсенділігін арттыру, кері байланыс ұйымдастыру және бағалау әдістерін жетілдіру қажеттілігі көрсетілді.

2025-2026 оқу жылының 1-семестр бойынша факультетте 7 өзара сабаққа қатысу жоспары бекітілген. Кестеге сәйкес оқытушы-профессор құрамы өзара сабақтарға жоспар бойынша бекітілген оқытушылар кіріп, сол сабаққа қатысты пікірлері мен ұсыныстарын беріп отырды. Сабаққа ену нәтижелері өзара сабаққа ену журналдарына мерзімінде толтырылған. Сабаққа ену пән оқытушыларына: проектор және карталармен жұмыс жасау; білім алушылармен байланыс орнату секілді ескертпелер жасалған. Жас оқытушылардың сабағына әдіс алмасу мақсатында тәжірибелері мол, әдістемені жақсы меңгерген оқытушылар мен профессор ғалымдардың кіруі жоспармен бекітілген. Барлық сабақтарға әдістемелік талдау жасалынып, өзара сабаққа қатысу журналы тіркелген.

Сөз соңында Г.Абдуллина анықталған мәселелерді шешу мақсатында педагогикалық озық тәжірибені тарату, әдістемелік семинарлар мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру, сондай-ақ ашық сабақтардың сапасын одан әрі арттыру бойынша нақты ұсыныстар берді.

ШЕШІМ:

1 Педагогикалық озық тәжірибені тарату мақсатында факультет деңгейінде әдістемелік семинарлар мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылсын. *(Жауапты: кафедра меңгерушілері).*

2. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, постаккредитация жұмыстарын ұйымдастыру туралы факультет деканы сөз алып, білім беру бағдарламаларының бағдарламалық аккредиттеу нәтижелері туралы ақпарат беріп, аккредиттеу агенттігі тарапынан ұсынылған ескертулер мен ұсынымдарға жан-жақты талдау жасады.

Аккредиттеу қорытындысы бойынша білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсатында бірқатар міндеттер айқындалғаны атап өтілді.

Сонымен қатар, постаккредитация кезеңінде атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттары белгіленіп, атап айтқанда, оқу жоспарларын жетілдіру, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді күшейту, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамының кәсіби құзыреттілігін арттыру қажеттілігіне тоқталды.

Сөз соңында факультет деканы постаккредитация жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру, орындалуын тұрақты бақылауға алу және белгіленген мерзімдерде есеп беру қажеттігін атап өтті.

ШЕШІМ:

2. Кафедралардың 2025-2026 оқу жылының Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелері назарға алынып, аккредиттеу агенттігі тарапынан берілген ескертулер мен ұсыныстар жан-жақты талдансын. *(Жауапты: кафедра меңгерушілері).*

3. Оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау мәселесі бойынша факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.Абдуллина сөз алып, өз сөзінде оқу үдерісіне инновациялық оқыту әдістері мен заманауи педагогикалық технологияларды ендіру бойынша жүргізілген мониторингтің нәтижелерімен таныстырды. Мониторинг барысында интерактивті оқыту әдістерін, цифрлық білім беру ресурстарын, жобалық және проблемалық оқыту технологияларын қолдану деңгейі талданғаны атап өтілді.

2025-2026 оқу жылында оқытудың және оқыту нәтижелерін бағалаудың: тест, жазбаша жазу, ауызша сұрау, ауызша-жазбаша, эссе, ассоциограмма, case-study, іскерлік ойын, презентация, глоссарий, библиография, картотека, жоба қорғау, шығармашылық, тәжірибе жасау түрлері қолданылуда. Оқыту нәтижелерін бағалау факультеттің қаңтар айындағы ОӘК мәжілістерінде талданады.

Соңғы оқу жылында біліктілік арттыру курстарынан алынған сертификаттар: Тарих кафедрасы – 78 сертификат; Педагогика және психология кафедрасы - 81 сертификат; Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы – 6 сертификат. Жалпы: 165 сертификат.

Біліктілігін көтерген ОПҚ жасанды интелект мүмкіндіктерін сабақтарында қолануда.

Тарих кафедрасы бойынша оқытушылар сабақ өту барысында проблемалық оқыту әдісі, топпен жұмыс, топтық жобалық жұмыс әдісі, жобалау әдісі, проблемалық шығарма әдісі, мини зерттеулер әдісі қолданылған.

Педагогика және психология кафедрасы бойынша Проблемалық оқыту әдісі, топтық жұмыс, Case-study әдісі, топтық жобалық жұмыс әдісі, проблемалық шығарма әдісі, және IT әдісі мен дамыта оқыту технологиясын, кәсіби шеберлікті арттыру әдісін қолданылған.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы бойынша жобалау әдісі, проблемалық оқыту әдісі, топтық жұмыс, дамыта оқыту технологиясы, блиц-сұрақтар, сын тұрғысынан ойлау, миға шабуыл әдістері қолданылған.

Талдау нәтижесінде оқытушылар тарапынан инновациялық әдістерді қолдану тәжірибесінің біртіндеп артып келе жатқаны, алайда кейбір пәндерде бұл бағыттағы жұмысты күшейту қажеттілігі анықталғаны көрсетілді. Сонымен қатар, инновациялық технологияларды тиімді қолдану білім алушылардың оқу мотивациясын арттыруға және оқу нәтижелерінің жақсаруына оң әсер еткені айтылды.

Сөз соңында оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіруді жүйелі түрде жалғастыру, әдістемелік қолдау көрсету және мониторинг нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеу қажеттілігі атап өтілді.

ШЕШІМ:

3. Көктемгі семестрде инновациялық оқыту әдістері мен заманауи педагогикалық технологияларды оқу үдерісінде қолдану деңгейі арттырылсын. *(Жауапты: кафедра меңгерушілері).*

4. ОПҚ-ның әдістемелік семинарлар өткізу барысы бойынша факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.Абдуллина сөз алып, өз сөзінде профессор-оқытушылар құрамының әдістемелік семинарлар өткізу бойынша атқарған жұмыстары туралы ақпарат берді. Семинарлар бекітілген жоспарға сәйкес өткізілгені, олардың мазмұны оқыту сапасын арттыруға, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруге және тәжірибе алмасуға бағытталғаны атап өтілді.

Сонымен қатар, әдістемелік семинарлар барысында инновациялық оқыту әдістері, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану, бағалаудың тиімді тәсілдері мен оқу үдерісін ұйымдастырудың заманауи талаптары қарастырылғаны айтылды. Семинарларға ОПҚ-ның белсенді қатысуы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға оң ықпал еткені көрсетілді.

2025-2026 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша факультет ОПК үшін ішкі әдістемелік семинарлар өткізу жоспар бойынша орындалуда.

Факультет деңгейіндегі 4 оқу-әдістемелік семинардың мақсаты қазіргі таңда оқытудың инновациялық әдістер мен технологияларын қамтиды. 4 оқу-әдістемелік семинардың баяндамалары мен хаттамалары жасалған.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушысы С.Сахитжанованың қараша айында өткізілген «Студент білімін бағалаудың тиімді әдіс-тәсілдері» атты оқу-әдістемелік семинарын факультет деңгейінде озық тәжірибе тарату мақсатында ұсынуға болады.

Сөз соңында әдістемелік семинарларды жүйелі түрде жалғастыру, олардың практикалық бағыттылығын күшейту және нәтижелерін мониторингтеу қажеттілігі атап өтілді.

ШЕШІМ:

4. ОПК-ның әдістемелік семинарлар өткізу барысы қанағаттанарлық деп танылсын.
(Жауапты: кафедра меңгерушілері).

5. Өзара және ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтарда ОПК-ның интербелсенді оқыту әдістерімен тәжірибе алмасу барысы бойынша факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.Абдуллина сөз алып, күзгі семестрге жоспарланған ашық сабақтардың толығымен өтілгенін, оның хаттамаланғанын және желтоқсан айында жоспарланған ашық сабақтардың жоқ екенін айтып өтті.

ШЕШІМ:

5. Өзара және ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар жоспарға сәйкес өткізілсін.
(Жауапты: кафедра меңгерушілері).

6. ОПК-ның оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының орындалу барысы мен сарапшы және рецензенттер бекіту бойынша факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.Абдуллина сөз алып, желтоқсан айына «Тарих» кафедрасының доценті, п.ғ.к., М.Жолсейтованың «Қазақ хандығының тарихы» атты оқу-әдістемелік құралы әзірленуі керек еді, жұмыстың толық аяқталмауына байланысты қаңтар айында шығару жоспарланып отыр.

ШЕШІМ:

6. Желтоқсан айына жоспарланған «Тарих» кафедрасының доценті, п.ғ.к. М.Жолсейтованың «Қазақ хандығының тарихы» атты оқу-әдістемелік құралының әзірлеу мерзімі қаңтар айына өзгертілсін. (Жауапты: кафедра меңгерушісі).

Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы:

Хатшы:



Г.Т.Абдуллина

А. Жұмабай